

## Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі кәсіпорындарын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 маусымдағы N 734

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Зан күші бар Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібін санациялау үшін инвестицияларды тарту, "Караганташтауголь" мемлекеттік кәсіпорны шахталық қорын, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау мен оның болашақта дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын қаржы-экономикалық сауықтыру үшін қажетті инвестициялардың көлемін айқындасын

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1-қосымшаға сәйкес 15 көмір шахтасының мүліктік кешенін, "Восточная" байыту фабрикасын, "Қарағандаштауголь" респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының стандарттық емес жабдықтау және шағын механикаландыру зауытын, осы объектілерді қоліктік, энергетикалық және инженерлік қамтамасыз ету, сондай-ақ Қарағанды көмір бассейнін қамтамасыз ететін жекелеген кәсіпорындардың мүліктік кешендерін 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін. <\*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1996.07.10.

N 866 қаулысымен. Р960866\_

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1 және 2-қосымшаларда аталған кәсіпорындар кешендерін голландық сауда процедураларын қолдана отырып жабық тендерде сатсын. <\*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.07.10.

N 866 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті саудаластық өткізілгенге дейін "Карагандаштауголь" мемлекеттік кәсіпорнының және Қарағанды көмір бассейнін қамтамасыз ететін 2-қосымшада аталған жекелеген

кәсіпорындардың ішкі және сыртқы міндеттемелері бойынша мұрагерлерін айқындасын.

<\*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.07.10.

N 866 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 маусымдағы

N 734 қаулысына

қосымша

"Карагандаштауголь" мемлекеттік кәсіпорнының

сатылуға жататын көмір шахталарының

Тізбесі

N	Шахталардың атауы	Қоры,	Жұмысшылар
p/c		млн. т.	саны, мың адам

1   Шахтинск   96   2,114
---------------------------

2   Ленин атындағы   106   2,985
----------------------------------

3   Қазақстан   122   2,470
-----------------------------

4   Тентек   146   3,313
--------------------------

5   Долинск   50   1,501
--------------------------

6   Калинин атындағы   240   1,755
------------------------------------

7   Абай   57   1,388
-----------------------

8   Соқыр   104   1,309
-------------------------

9   Ақтас   119   1,109
-------------------------

---

10   Саран		72		1,977
11   Күзембаев атындағы		67		1,641
12   СССР-дің 50-жылдығы		157		1,771
13   Костенко атындағы		109		2,809
14   Стаханов атындағы		51		1,332
15   Қарағанды		72		2,514
ЖИЫНЫ		1568		29,788

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК